

ШЖҚ «Сарыағаш көпбейінді аудандық орталық ауруханасы» МКК-нде
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру жұмыстарының»

Х А Т Т А М А С Ы №3

Сарыағаш қ.

21.08.2026 ж.

Жиналыс төрағасы: Кәсіпорын басшы орынбасары А.Аманқұл

Хатшы: Ж.Алманова

Баяндамашы: ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» КММ
комплаенс қызметкері К. Палманов

Қатысқандар: 49 адам

Күн тәртібінде: «Медициналық ұйымда мүдделер қақтығысының алдын алу
және оны реттеу тәртібі»

Төрағалық етуші: Құрметті әріптестер! Бүгінгі семинардың тақырыбы –
медициналық ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің негізгі
себептерінің бірі болып табылатын **мүдделер қақтығысының алдын алу
және оны реттеу** мәселесіне арналады. Семинар барысында Қазақстан
Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Заңының талаптары, медициналық ұйым қызметінде мүдделер
қақтығысының туындау себептері, олардың алдын алу тетіктері, мемлекеттік
сатып алу, кадрлық шешімдер қабылдау және қызметтік әдеп нормаларын
сақтау мәселелері қарастырылды.

Осыған байланысты баршаңызды белсенді қатысуға, пікір алмасуға
және ортақ мақсатқа қол жеткізу жолында бірлесе жұмыс істеуге
шақырамын. Енді күн тәртібіне сәйкес баяндамашыға сөз беремін.

Кәсіпорын комплаенс қызметкері К. Палманов

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік
берілген адамдардың және мемлекеттік сектор субъектілерінің
қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен олардың жеке мүдделері
арасында қайшылық туындауына жол берілмеуі тиіс.

Мүдделер қақтығысы – қызметкердің жеке мүддесі өзінің лауазымдық
міндеттерін объективті, әділ әрі бейтарап орындауына әсер етуі мүмкін
жағдай.

Өздігінен мүдделер қақтығысының болуы құқық бұзушылық болып
табылмайды. Алайда оны жасырын ұстау немесе жеке пайда табу мақсатында

пайдалану сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына алып келуі мүмкін.

Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласында азаматтардың сенімін арттыру үшін әрбір қызметкер өзінің кәсіби әдебін сақтап, қабылдайтын шешімдерінің заңдылығы мен ашықтығына ерекше көңіл бөлуі қажет.

Медициналық ұйымдарда мүдделер қақтығысы келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

- мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне жақын туыстары немесе өзіне қатысы бар ұйымдардың қатысуы;
- кадрлық мәселелер бойынша туыстары немесе жақын адамдарға артықшылық беру;
- белгілі бір жеткізушілердің мүдделерін қолдау;
- пациенттерден сыйлықтар, ақша немесе басқа да материалдық игіліктер қабылдау;
- қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалану;
- пациенттерді белгілі бір жеке медициналық ұйымдарға немесе зертханаларға негізсіз жолдау.

Осындай жағдайлардың кез келгені ұйымның беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, заң талаптарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Сондықтан әрбір қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында жеке мүддесі туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшысына немесе комплаенс қызметіне дереу хабарлауға міндетті.

Әсіресе мемлекеттік сатып алу саласында заң талаптарын қатаң сақтау қажет. Мемлекеттік сатып алудың негізгі қағидаттары – ашықтық, адал бәсекелестік, барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндік беру және бюджет қаражатын тиімді пайдалану болып табылады.

Қызметкер қандай да бір өнім берушіге артықшылық беруге, техникалық ерекшеліктерді белгілі бір ұйымға бейімдеуге немесе конкурс нәтижесіне ықпал етуге жол бермеуі тиіс.

Сонымен қатар кадрлық шешімдер қабылдау барысында да әділдік қағидаттары қатаң сақталуы қажет. Жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау, көтермелеу немесе сыйақы беру кезінде барлық қызметкерлерге тең мүмкіндік қамтамасыз етілуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – тек комплаенс қызметінің немесе басшылықтың ғана емес, әрбір қызметкердің ортақ міндеті.

Әрбір медицина қызметкері өз әрекеті үшін жеке жауапты екенін ұмытпауы тиіс. Заң талаптарын сақтау, кәсіби әдепті ұстану, адалдық пен әділдік қағидаттарын басшылыққа алу – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді жолы.

Біздің мекемеде комплаенс қызметі тұрақты түрде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді, қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады, құқықтық кеңестер береді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады.

Егер қызметкер қандай да бір жағдайда мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін деп есептесе, оны жасырмай, уақытылы хабарлағаны дұрыс. Бұл заң талаптарын сақтауға, тәуекелдердің алдын алуға және мекеменің беделін қорғауға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер!

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың, әрбір мемлекеттік қызметшінің және әрбір медицина қызметкерінің азаматтық әрі кәсіби борышы.

Адалдық, әділдік, жауапкершілік және ашықтық қағидаттарын күнделікті қызметіміздің негізіне айналдырған жағдайда ғана халықтың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін нығайтып, заң үстемдігін қамтамасыз ете аламыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Семинар барысында қаралған ақпаратты барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері басшылыққа алсын.
2. Қызметтік міндеттерді орындау барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары қатаң сақталсын.
3. Мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу және ондай жағдай анықталған кезде белгіленген тәртіппен тікелей басшыға немесе комплаенс қызметіне дереу хабарлау қамтамасыз етілсін.
4. Мемлекеттік сатып алу, кадрлық мәселелер және өзге де басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде ашықтық, әділдік және заңдылық қағидаттары сақталсын.
5. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жалғастыру ұсынылсын.
6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау комплаенс қызметіне жүктелсін.

Төрағалық етуші:

Хатшы:



А.Аманқұл

Ж.Алманова